

Шемонаиха ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшіні жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 9/4-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 4778 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 26/9-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 05.07.2018 № 26/9-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі). РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386-бабының 5 тармағына, 444-бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 378-бабымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері және 444-бабымен белгіленген бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Шемонаиха аудандық
мәслихатының хатшысы*

Е. Григорьева

А. Боровикова